

**Ақсу негізгі орта мектебінің “Біртұтас тәрбие” бағдарламасы аясында
“Шабыт” жобасы бойынша 2024-2025 оқу жылының
ІІ жартыжылдығында атқарылған жұмыс есебі.**


“Біртұтас тәрбие” бағдарламасын жүзеге асыру аясында және білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу мақсатында 2024 жылдың тамыз айында пед.кеңесте “Шабыт” жобасы құрылып, оның жетекшісі С.С.Абилкаирова (қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі) тағайындалып, мақсат-міндеттері мен күтілетін нәтижелері айқындалды. “Шабыт”-білім алушылардың шығармашылығын дамыту арқылы түйінді құндылықтарды насихаттауға бағытталған жоба.

2024-2025 оқу жылына арналған “Шабыт” жобасының жоспары жасалынып, ІІ жартыжылдықта келесі жұмыстар атқарылды.

27.01.2025ж.-”Шабыт” жобасының жұмыс жоспарына сәйкес оқушыларға жоба туралы түсінік беріліп, мақсаты жұмыс жоспарымен таныстыру жұмыстары жүргізілді.

Музыка пәні мұғалімі А.Қыдырбаева 5-9 сынып оқушыларының қатысуымен Екі жұлдыз дәстүрлі әндер байқауын өткізді. Өнерпаздар өнерлерін ортаға салып, шығармашылық ән таңдау деңгейлерін, әнді орындау шеберліктері бағаланды. Мақсаты: тәрбиенің рөлін арттыру, талғам мәдениетіне тәрбиелеу.

21.02.2025ж.- “Әдебиет әлемі” тақырыбында түрлі сахналық қойылымдар ұйымдастырылды. Бастапқы сыныптарда “Ертегілер әлеміне саяхат”тақырыбында “Мақта қыз бен мысық”, “Алдар Көсе”, “Қызыл телпек ертегілерін” сахналық қойылымда сомдады. Мақсаты: Сахналап беруге талпындыру. Кейіпкерлердің мінез-құлқын сезіну.



07.03.2025ж. 5-9 сыныптарда “Ананың аялы алақаны” челлендж ұйымдастырылды. Мақсаты: оқушылардың танымдық және шығармашылық қабілетін, эстетикалық талғамын,шеберлігін дамыту. Өнерді танытып, ұлттық

құндылықтарға дәріптеу. Балалар аналар күніне алғыс білдіру үшін мерекелік ашық хаттар ұйымдастырды.



11.04.2025 ж. Мектеп тәлімгері Ш.Өтепбергенова 5-9 сыныптарға “Талант шоу” концертін ұйымдастырды. Мақсаты: оқушылар арасынан дарынды, талантты жастарды іріктеу. Концерт барысында “Ең үздік әнші”, “Ең үздік биші”, “Ең үздік қойылым” номинациялар бойынша өткізілді.



18.04.2025ж “Гүлденген әлем жастарымен” жайдарман конкурсын Мектеп тәлімгері мен сынып жетекшілері ұйымдастырды. Мақсаты: астары бар әзіл, саясаттың қыр-сырын күлкі арқылы жеткізу. Талантты жастарды іріктеп, еліміздің рухани байлығын дамыту. “Жас қыран”, “Нағыз достар”, “Керемет” командалары өнер көрсетті.



Жетекшісі : *М.С.С.* Абилкаирова